

КЕЛІСІЛДІ  
ББД ОӘО директорының  
орынбасары

Б.Х. Абдикерова Б. Х.  
"01" 09 2020 ж.



БЕКІТЕМІН  
ББД ОӘО директоры  
Д.С. Асакаева Д.С.  
"01" 09 2020 ж.

«ЗЕЙІН»

**ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАСЫ**

4, 5-8 сынып оқушыларының оқу, ғылыми - жаратылыстану, математикалық, компьютерлік, ақпараттық және қаржылық сауаттылық саласында функционалдық дағдыларын зерделеу.

Қарағанды 2020

## Өзектілігі

Бүгінгі күні білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргелі реформалар кезеңіне қадам басты. Дүниежүзілік экономикалық форум XXI ғасырдағы табысты адамның білімі мен іскерлігінің 16 түрін атап көрсетті. Олар:

- командадағы жұмыс дағдылары;
- көшбасшылық қасиет;
- бастамашылық;
- IT-құзыреттілік (айти-құзыреттілік);
- қаржылық және азаматтық сауаттылық және т.б.

2015 жылы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Білім беру саясаты комитеті «Білім мен дағдылардың болашағы: Білім беру-2030» атты жаңа жобаны іске асыруды бастады.

ЭЫДҰ әлемнің бұрын белгісіз жаһандық сын-қатерлермен көбірек бетпе-бет келіп отырғанын, барынша тартысты және осал болып келетінін негізге алады.

XVII (он жетінші) ғасырдағы адамның бүкіл өмірі бойындағы алған ақпаратты қазіргі заманғы адам 1 айда ғана алады және өңдейді. Әлемде ақпарат әрбір екі жыл сайын екі еселенеді, бұл оны қарапайым жаттаудың мүмкін еместігін және пайдасыз екендігін көрсетеді.

Мұндай жағдайларда білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке тұлғалық қарым-қатынастар мен құзыреттіліктер жеткіліксіз. Мүлдем жаңа сапа – метабілімділік, метақұзыреттілік қажет.

Озық экономика білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын адамға» ауыстыруды талап етеді.

Сондықтан XX ғасырдың 80-ші жылдары әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері теориялық білім беруден, практикалық - бағдарланған білім беруге бет алды.

Сондықтан, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту болып табылады. Сондай-ақ, Қазақстандық оқушылардың PISA, TIMSS, PIRLS, ICILS, PIAAC халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне қатысуы жалғасады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру шеңберінде ЭЫДҰ елдерінің стандарттары негізінде білім беру саласында адами капиталдың сапасын арттыруға бағытталған 5 қадам жоспарланған. Қадамдардың бірі 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізуге, функционалдық сауаттылықты дамыту үшін мектепте оқыту стандарттарын жаңартуға бағытталған.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында негізгі құзыреттілікті, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалады. Функционалдық сауаттылық оқытудың нәтижесі ретінде мектептегі әрбір оқу пәні арқылы қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, сондай-ақ оның қалыптасуын зерделеу құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу тапсырмалары, экономикалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар, практикаға бағытталған тапсырмалар және т.б.) болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру және 4-8 сынып оқушыларын халықаралық салыстырмалы зерттеулерге дайындау аясында Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығымен «Зейін» жобасын әзірленді. Оның зерттеу бағдарламасы білім беру сапасын арттыруға, адами капиталды дамытуға бағытталған, бұл білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылады.

Жоба оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін анықтауға және арттыруға көмектеседі.

Бізде зияткерлік элитаны шын мәнінде дайындайтын ілгері мектептер мен мұғалімдердің өте аз тобы бар. Бірақ деңгейі әлемдік стандарттардан әлдеқайда төмен қарапайым мектептердің 90% - ы бар.

Қазіргі ғылым фактілер мен сандарды білуді ғана емес, сонымен қатар ақпаратпен жұмыс істеуді — деректерді өңдеу мен түсінуді, жаңа нәтижелерді талдауды, стандартты емес есептерді шешуді талап етеді. «Зейін» жобасының тапсырмасы да дәл осыны талап етеді.

Сонымен қатар оқушылардың функционалдық сауаттылығының жоғары деңгейі өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі жүзеге асыру қабілетін болжайды. Демек, қоғамға нәтижеге жұмыс істей білетін, функционалды сауатты адам қажет.

### **Туындап отырған мәселе:**

Халықаралық салыстырмалы зерттеулердің нәтижелері мектепте білім беру сапасында үлкен алшақтық сақталып отырғанын куәландырады. Мысалы, Қазақстан ЭБДҰ-ның 15 жастағы білім алушыларды бағалау жөніндегі PISA (2009, 2012, 2015, 2018) халықаралық бағдарламасына және білім беру сапасын бағалау жөніндегі IEA халықаралық қауымдастығының оқу, жаратылыстану және математикалық сауаттылық бойынша TIMSS (2007, 2011, 2015, 2019) зерттеуіне төрт рет қатысты. Зерттеу қорытындысы өңірлер, аумақтар (қала-ауыл), оқыту тілі мен отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бойынша үлгерімдерде айтарлықтай алшақтық бар екенін анықтады. Мысалы, өңірлер бөлінісінде PISA-ның ең төмен және жоғары көрсеткіштері арасындағы айырмашылық 3 оқу жылына сәйкес келеді. Унитарлық мемлекет үшін мұндай жағдайдың қалыптасуына жол берілмейді.

Мұғалімдердің педагогикалық қызметі оқушылардың негізгі құзыреттілігін қалыптастыруға жеткіліксіз бағытталған. Білім беру мекемелерінде негізгі пәндік құзыреттілікті қалыптастыру жүйесі жоқ.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды жинақтай отырып, функционалдық сауаттылық адамдардың мәдени, әлеуметтік, саяси және экономикалық қызметке қатысуына, шығармашылықпен ойлау және стандартты емес шешімдер табу қабілетіне, кәсіби жолды таңдау қабілетіне, тіршілік әрекетінің әр түрлі салаларында технологияларды пайдалана білуге, сондай-ақ өмір бойы оқытуға ықпал ететін фактор болып табылады.

Функционалдық сауаттылық қоғамдық әл-ауқаттың индикаторы болып табылады. Жоғары деңгей қоғамның белгілі бір әлеуметтік-мәдени жетістіктерін көрсетеді; төмен-ықтимал әлеуметтік дағдарыстың алдын алу болып табылады. Сондықтан оқушылардың функционалдық сауаттылығының деңгейін зерттеу ерекше өзектілікке ие болады, өйткені осы функционалдық дағдылардың барлығы мектепте қалыптасады.

**Зерттеу пәні:** оқу үрдісінде 4, 5-8 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселелерін зерделеу.

**Зерттеу гипотезасы** білім беру саласында 4, 5-8 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру негізінде құрылады:

- коммуникация саласындағы гуманитарлық және жаратылыстану-математика пәндерінің мүмкіндіктерін анықтау;
- IT-білім берудің белсенді дамуын және оларды оқытудың табыстылығына әсерін анықтау;
- функционалдық сауаттылықты қалыптастыру барысында оқушылардың коммуникативтік қиындықтарын есепке алу;
- оқушылардың жеке тәжірибесін өзіндік бағалауын ескере отырып, функционалдық сауаттылықтың қалыптасуына баға беру;
- оқыту процесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және енгізу оқушылардың даму деңгейін арттыруға ықпал ететін болады.

**Жобаның мақсаты:** Қарағанды облысының 4, 5-8 сынып оқушыларының қоғамда толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті білім мен біліктерінің және функционалдық сауаттылық деңгейлерінің қаншалықты жеткілікті екендігін анықтау, осы жетістіктерге жету үшін мектепте және мектептен тыс білім беру мүмкіндіктерінің әсерін бағалау.

#### **Жобаның міндеттері:**

оқушылардың оқу, ғылыми-жаратылыстану, математикалық, компьютерлік және ақпараттық сауаттылық саласындағы функционалдық дағдыларын зерттеу аясында «Зейін» жобасының жұмыс жоспарын құру;

PISA, TIMSS, PIRLS, ICILS зерттеу тәжірибесіне негізделі отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар базасын құру және апробациялау.

оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға және алған білімдерін практикада қолдана білуге мүмкіндік беретін тиімді жұмыс тәсілдерін қолдану әдістемесі бойынша тәжірибе алмасу мақсатында шеберлік сыныптар (практикалық семинарлар) өткізу; жоба бойынша жұмысқа жетекші педагогтер мен мұғалімдерді, мектеп жаттықтырушыларын тарту.

**Жобаны іске асыру мерзімі:** 2020-2025 оқу жылы.

**Күтілетін нәтиже:**

функционалдық сауаттылық стандартты және стандартты емес жағдайларда тұлғаның жан-жақты қабілеттілігімен сипатталатын білім деңгейі, білім берудің жеке-тұлғалық нәтижесі ретінде қарастырылады;

мектеп курсының пәндері мынадай жолдармен функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға ықпал етеді: білімді қалыптастыру, іскерлікті дамыту, меңгерілген дағдыларды еркін пайдалану, іс-әрекеттің әмбебап тәсілдерін дамыту, функционалдық мәселелерді шешу тәжірибесін қалыптастыру жағдайларын құру;

функционалдық сауаттылықты қалыптастыру процесі өз мәні бойынша үздіксіз және мектепте білім алу уақыты бойы өтеді.

**Глоссарий.**

**Оқу сауаттылығы** - адамның жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, олар туралы ойлау және өз мақсаттарына жету, өз білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту, қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін ұғына оқу қабілеттілігі. Бұл - ақпаратты табу; мәтінді түсіндіру; мәтіннің мазмұны мен нысанына рефлексия жасау және оларды бағалау.

**Математикалық сауаттылық** - адамның өзі тұратын әлемдегі математиканың рөлін анықтау және түсіну, жақсы негізделген математикалық пайымдауларды айту және математиканы қазір және болашақта жасампаз, мүдделі және ойлы азаматқа тән қажеттілікті қанағаттандыру үшін пайдалану қабілеті.

**Жаратылыстану – ғылыми сауаттылық** - адамның жаратылыстану-ғылыми білімдерді түсінуі және сұрақтар қою үшін, жаңа білімді меңгеру үшін, жаратылыстану-ғылыми құбылыстарды түсіндіру және ғылыми - жаратылыстану мәселелеріне қатысты ғылыми дәлелдемелерге негізделген қорытындыларды қалыптастыру үшін игеру және пайдалану қабілеті; жаратылыстану ұғымының негізгі ерекшеліктерін адам танымының формасы ретінде түсінуі; жаратылыстану ғылымдары мен технологиясы қоғамның материалдық, зияткерлік және мәдени салаларына әсер етуін, сондай-ақ,

ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін көрсете білуі; жаратылыстану ғылымына қатысты мәселелерді қарастыру кезінде белсенді азаматтық ұстанымды көрсетуі. Яғни бұл - жаратылыстану ғылыми құбылыстарды сипаттауы, түсіндіру және болжай алуы; ғылыми зерттеулерді түсінуі; ғылыми дәлелдер мен қорытындыларды түсіндіре білуі.

**Компьютерлік және ақпараттық сауаттылық** - бұл оқушының қажетті ақпаратты сұрауға, іздеуге, іріктеуге, бағалауға, қайта өңдеуге, жаңа ақпарат жасауға және алмасуға мүмкіндік беретін іскерліктері мен дағдыларының жиынтығы.

**Қаржылық сауаттылық** - қаржылық ұғымдар мен қаржылық тәуекелдерді білу және түсіну, сондай-ақ жеке тұлға мен қоғамның қаржылық әл-ауқатын жақсартуға, сондай-ақ экономикалық өмірге қатысу мүмкіндігіне ықпал ететін түрлі қаржылық жағдайларда тиімді шешімдер қабылдау үшін қажетті дағдылар, уәждемелер және сенімділік.

### **Жоба кезендері:**

**1 - дайындық кезеңі.** Жобаны іске асыру шарттарын бағалау. Жобаның бағалау критерийлерін әзірлеу. Қыркүйек - желтоқсан 2020 жыл.

#### **Кезең міндеттері:**

1. бағалау үзіктерінің қорытындысы бойынша оқушылардың жетістіктерін ескере отырып, жоба нәтижелерін бағалаудың өлшемдерін әзірлеу;
2. жобаны жүзеге асыру мақсатында шығармашылық топ құру;
3. Оқу, ғылыми - жаратылыстану, математикалық, ақпараттық және қаржылық сауаттылық саласында 4, 5-8 сынып оқушыларының функционалдық дағдыларын зерттеу бойынша жұмыс жоспарын құру;;
4. зерттеу жұмыстарын жүргізу күні мен орнын көрсете отырып, жобаны жүзеге асыру бағдарламасын әзірлеу;
5. жобаға қатысушыларды анықтау (мектептер, оқыту сыныптары).

**2 – қалыптастырушы кезең: қаңтар 2021 – желтоқсан 2022 жж.**

#### **Кезең міндеттері:**

1. TIMMS, PISA, PIRLS, ICILS зерттеу тәжірибесін негізге ала отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар базасын құру;;

2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға және алған білімдерін практикада қолдана білуге мүмкіндік беретін тиімді жұмыс тәсілдерін қолдану әдістемесі бойынша тәжірибе алмасу мақсатында шеберлік сыныптар өткізу;

3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға және алған білімдерін практикада қолдана білуге мүмкіндік беретін жұмыстың тиімді тәсілдерін қолдану әдістемесі бойынша практикалық семинарлар өткізу;

4. Мұғалімдерді функционалдық сауаттылық бойынша өткізілген бағалау үзіктерінің нәтижелерімен таныстыру.

**3 – қорытынды кезең: қаңтар 2023 -мамыр 2025 жж.**

**Кезең міндеттері:**

1. Жоба қорытындысы бойынша оқушыларды дайындаудың әзірленген өлшемдеріне сәйкес өзгерістердің сапалық деңгейін анықтау;

2. 4, 5-8 сынып оқушыларының TIMMS, PISA, PIRLS, ICILS зерттеулері шеңберінде одан әрі зерттеулерге қатысуға дайындығына талдау жүргізу.

**Ескерту: жобаға Қарағанды облысының барлық білім беру ұйымдары қатысады.**